

**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 1102 қаулысы

**Ескерту. Заң жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінен кайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2004.04.27. N 471 қаулысымен .**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Жоба**

**Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-кұжат; N 12, 88-кұжат; N 14, 93-кұжат; N 15-16, 109-кұжат; N 24, 162-кұжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-кұжат; 1997 ж., N 1-2, 8-кұжат; N 7, 80-кұжат; N 11, 144, 149-кұжаттар; N 12, 184-кұжат; N 13-14, 195, 205-кұжаттар; N 22, 333-кұжат; 1998 ж., N 14, 201-кұжат; N 16, 219-кұжат; N 17-18, 222, 224, 225-кұжаттар; N 23, 416-кұжат; N 24, 452-кұжат; 1999 ж., N 20, 721-727-кұжаттар; N 21, 787-кұжат; N 22, 791-кұжат; N 23, 931-кұжат; N 24, 1066-кұжат; 2000 ж., N 10, 248-кұжат; N 22, 408-кұжат; 2001 ж., N 1, 7-кұжат; N 8, 52, 54-кұжаттар; N 13-14, 173, 176-кұжаттар; N 23, 321-кұжат; N 24, 338-кұжат; 2002 ж., N 2, 17-кұжат; N 15, 151-кұжат; N 19-20, 165-кұжат; 2003 ж., N 1-2, 2-кұжат; N 4, 25-кұжат; N 6, 34-кұжат; N 10, 50, 51-кұжаттар; N 11, 69-кұжат; N 15, 139-кұжат):

1) 15-бап мынадай мазмұндағы тоғызыншы тармақпен толықтырылсын:

"Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияны беру шарты мен тәртібі Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңдарында анықталады." ;

2) 21-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:  
"б) лицензиат қайтыс болғанда немесе оны өлді деп жариялағанда."

2. "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 22, 309-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 5-құжат; N 8, 52-құжат; 2002 ж., N 23-24 193-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 86-құжат):

1) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Аудиторлық қызмет

1. Аудиторлық қызмет дегеніміз аудитті жүргізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет.

2. Аудиторлық қызметпен айналысуға лицензиясы бар аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың аудиторлық қызметпен айналысуға құқығы бар.

Аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын аудиторлар және аудиторлық ұйымдар аудиттен басқа өз қызметінің бейіні бойынша мынадай қызметтерді көрсете алады:

1) ілеспе қызметтер (шолу, келісілген рәсімдер, компиляция), арнаулы мақсаттағы аудит, оларды өткізу қағидаттары мен рәсімдері халықаралық аудит стандарттарымен анықталатын перспективалық қаржылық есептілікті тексеру;

2) бухгалтерлік есепті қалпына келтіру және жүргізу, қаржылық есептілік жасау;

3) ішкі аудитті бағалауды жүргізу;

4) салықтық жоспарлау, бюджетке төленетін міндетті төлемдердің есебі, салық декларацияларын толтыру;

5) статистикалық есептілік жасау;

б) қаржы-шаруашылық қызметті талдау және қаржылық жоспарлау;

7) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау мәселелері жөнінде, сондай-ақ салық салу мәселелері жөнінде консультация беру;

8) оқытушылық, ғылыми қызмет;

9) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау, салық салу, қаржы-шаруашылық қызмет пен қаржылық жоспарлаудың аудиті және оны талдау жөнінде оқыту;

10) бухгалтерлік есепті жүргізуді автоматтандыру және қаржылық есептілікті жасау жөніндегі ұсынымдар, бухгалтерлік есепті автоматтандырылған жүргізуге және қаржылық есептілікті жасауға оқыту;

11) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау, қаржы-шаруашылық қызметті талдау және қаржылық жоспарлау жөніндегі, ілеспе қызметтерді көрсету, арнайы мақсаттағы аудит, перспективалық қаржылық ақпаратты тексеру жөніндегі әдістемелік құралдар мен нұсқаулықтарды әзірлеу;

12) бағалау қызметі;

13) адвокаттық қызметке байланысты емес заң қызметтерін көрсету жөнінде қызметтер көрсете алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осы тармақта көзделген жекелеген қызмет түрлерін көрсету тиісті лицензия алуды қажет етсе, аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың осындай лицензиясыз бұл қызметтерді көрсетуге құқығы жоқ.

3. Аудиторлық қызметті жеке кәсіпкерлер ретінде жүзеге асыратын аудиторларға және аудиторлық ұйымдарға осы бапта көзделмеген кәсіпкерлік қызметтің өзге түрлерімен айналысуға тыйым салынады.";

2) мынадай мазмұндағы 3-1-баппен толықтырылсын:  
"3-1-бап. Халықаралық аудит стандарттары

Аудит Халықаралық бухгалтерлер федерациясы жанындағы Халықаралық аудит практикасы жөніндегі комитет бекіткен халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.";

3) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
"4-бап. Аудит

1. Аудит осы қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңдарына сәйкес және (немесе) бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасаудың өзге негіздерімен дайындалды ма дегенге қатысты тәуелсіз пікір білдіру мақсатында заңды тұлғалардың (бұдан әрі - аудиттелетін субъектілер) қаржылық есептілігін тексеруін білдіреді.

2. Аудит міндетті және бастамашылық болуы мүмкін.

Аудит жүргізу Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда міндетті болып табылады.

Бастамашылық аудит аудиттелетін субъекті мен аудиторлық ұйымның аудиторы арасындағы аудит жүргізуге арналған шартта көзделген аудиттің нақты міндеттерін, мерзімі мен көлемін ескере отырып аудиттелетін субъектінің бастамасы бойынша жүргізіледі.";

4) мынадай мазмұндағы 4-1-баппен толықтырылсын:  
"4-1-бап. Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметті реттеу.

1. Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметті реттеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган:

1) республикада халықаралық аудит стандарттарын енгізу жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді және олардың қолданылуын бақылауды жүзеге асырады;

2) Халықаралық аудиторлық практика жөніндегі комитет қайта қабылдаған

стандарттарды және оларға енгізілген өзгерістерді тарату үшін жағдайлар жасайды;

3) Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметті реттейтін мәселелер жөніндегі нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және қабылдайды және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

4) аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беруді жүзеге асырады;

5) себептерін көрсете отырып, "аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою туралы Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссияларына ұсыныстар енгізеді;

6) басқа мемлекеттік органдармен, аудиторлар палатасымен және өзге ұйымдармен аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жүргізеді;

7) аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау тәртібін және емтихан сұрақтарының тізбесін бекітеді;

8) Аудиторға кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясын аккредиттеуді жүргізеді";

5) 5 - б а п т а :

1-тармақта "Біліктілік" деген сөз "Аудиторға кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік" деген сөздермен ауыстырылсын, "куәлік" деген сөз "біліктілік куәлігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аудитор аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын бір аудитормен ғана еңбек қатынасында тұруға немесе бір ғана аудиторлық ұйымның қызметкері болуға не аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыруға құқылы." ;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Аудитор заңды тұлғалардың құрылтайшысы болуға құқылы. Аудитор бір ғана аудиторлық ұйымның қатысушысы бола алады.";

6) 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Аудиторлық ұйым - аудиторлық қызметті шаруашылық серіктестігінің ұйымдастыру-құқықтық нысанында жүзеге асыру үшін құрылған коммерциялық ұйым."

2-тармақта "қызметті" деген сөзден кейін "олар" деген сөзбен толықтырылсын;

4-тармақта "аудиторлық ұйымдарға тиесілі үлес кемінде 51 процент" деген сөздер "шетелдік аудиторлық ұйымдарға тиесілі үлес жүз процент" деген сөздермен ауыстырылсын ;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Аудиторлық ұйымның басшысында "аудитор" біліктілік куәлігінің болуы міндетті .

Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес, сондай-ақ осы Заңның 13-

бабының 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша бұрын лицензиясы кері қайтарып алынған аудиторлық ұйымды басқарушы аудитор лицензиясын кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жыл бойы аудиторлық ұйымның басшысы бола алмайды.";

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым Қазақстан Республикасының басқа аудиторлық ұйымы-резидентінің қатысушысы және құрылтайшысы бола алмайды.";

7) 7 және 8-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Республикалық аудиторлар палатасы

1. Республикалық аудиторлар палатасы (бұдан әрі - Палата) коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіби, өзін-өзі басқаратын ұйым болып табылады.

2. Палата заңды тұлға болып табылады және оның мүшелерінің жалпы жиналысында қабылданатын жарғының негізінде әрекет етеді.

3. Палата ерікті негізде аудиторларды, аудиторлық ұйымдарды біріктіреді және мүшелік жарналардың және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге көздердің есебінен қаржыландырылады.

4. Аудиторлар палатасының құрылымы және жұмыс органдары оның жарғысында анықталады.

5. Палатаны қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

8-бап. Аудиторлар палатасының өкілеттіктері

1. Республикалық аудиторлар палатасы:

1) аудиттің дамуына, оның тиімділігін арттыруға, аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың қызметін ұйымдастыруға және үйлестіруге ықпал етеді;

2) аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың аудит стандарттарының талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді;

3) аудиторлардың, аудиторлық ұйымдар мен аудиттелетін субъектілердің аудиторлық қызметті жүзеге асыруына байланысты дауларын қарайды;

4) өз мүшелерінің Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметті жүзеге асыруға байланысты нормативтік құқықтық актілерімен, стандарттармен және әдістемелік құжаттармен қамтамасыз етеді;

5) аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет мәселелері жөніндегі заңдарының талаптарын бұзу фактілерін анықтаған жағдайда уәкілетті органды хабардар етеді;

6) аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың жұмыс тәжірибесін талдайды, қорытындылайды және таратады;

7) мемлекеттік, қоғамдық, шетелдік және халықаралық ұйымдарда палата мүшелерінің мүдделерін білдіреді;

8) аудиторлық қызметті жүзеге асыру процесінде аудиторлық қызметті жеке кәсіпкерлер ретінде жүзеге асыратын аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарда, сондай-ақ олардың клиенттерінде туындайтын мәселелер бойынша қорытындылар береді ;

9) осы Заңда белгіленген жағдайларда себептерін көрсете отырып, "аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою туралы және лицензияның күшін тоқтатып қою туралы ұсыныстар енгізеді ;

10) "аудитор" біліктілігін алуға аттестациядан өтуге тілек білдірген тұлғаларды дайындауды жүзеге асырады ;

11) аудиторлық қызмет жөніндегі оқу әдебиетін, әдістемелік нұсқаулықтар мен әдістемені, мерзімді баспа басылымдарын әзірлейді, шығарады және таратады;

12) халықаралық ұйымдардың бухгалтерлік есеп және аудиторлық қызмет жөніндегі жұмысына қатысады .

2. Палатаға осы бапта көзделмеген өзге қызмет түрлерімен айналысуға тыйым салынады . " ;

8) 3-тараудың атауында "аудиторлыққа" деген сөз "аудитор" біліктілігін алуға" деген сөздермен ауыстырылсын ;

9) 9, 10, 11, 12 және 13-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. "Аудитор" біліктілігін алуға кандидаттарды аттестаттау

1. Аттестаттау деп аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы емтихан өткізу арқылы кандидаттарға "аудитор" біліктілігін беруге кандидаттардың біліктілік деңгейін осы комиссияның анықтауы.

2. Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттауды жүргізу тәртібін және емтихан сұрақтарының тізбесін аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы әзірлейді және уәкілетті орган бекітеді.

3. Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттауды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен аккредиттелген біліктілік комиссиясы жүзеге асырады.

4. Аттестацияға жоғары кәсіби білімі бар және соңғы алты жылдың:

1) бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік немесе аудит, немесе қаржы-шаруашылық қызметін талдау немесе құқық саласында немесе экономикалық, немесе қаржы және бақылау-тексеру салаларында кемінде үш жыл;

2) жоғары оқу орындарында бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік немесе аудит саласында ғылыми, оқытушылық қызмет және осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген салаларда кемінде үш жыл жұмыс стажы бар тұлғалар жіберіледі.

5. Аттестаттаудан өткен тұлғалар "аудитор" біліктілігін беру туралы біліктілік куәлігін және біліктілік куәлігінің нөмірін, тегін, жеке атын, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің атын көрсете отырып, аудитордың жеке мөрін (бұдан әрі - жеке мөр ) алады .

"Аудитор" біліктілігін беру туралы шешімді Палата анықтайтын мерзімді баспа

басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде Палата жариялайды.

6. Аттестаттаудан өтпеген адамдар қайта аттестаттаудан өтуге кемінде алты айдан кейін жіберіледі.

10-бап. Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы

1. Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы Палата жанынан құрылады.

2. Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясының төрағасы болып оның мүшелерінің қатарынан аудиторлық қызметпен айналысатын аудитор сайланады.

3. Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы Палата жиналысында (конференциясында) бекітетін ереженің негізінде әрекет етеді.

4. Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясының жұмыс нәтижесі бойынша Палата шешім қабылданған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға "аудитор" біліктілігі берілген не "аудитор" біліктілік куәлігінің күші жойылған тұлғалар туралы ақпаратты беруге міндетті.

11-бап. "Аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою

1. "Аудитор" біліктілік куәлігінің күшін Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы жояды.

"Аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою туралы шешімді Палата анықтайтын баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде Палата жариялайды.

2. "Аудитор" біліктілік куәлігі мынадай жағдайларда күшін жояды:

1) "аудитор" біліктілігін беруге кандидаттарды аттестаттауға жіберу үшін ұсынылған мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған;

2) көрінеу жалған деп танылған аудиторлық есеп жасалған;

3) аудит стандарттарының талаптарын сақтамаған және Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңдарын бұзған.

3. "Аудитор" біліктілік куәлігінің күші жойылған тұлғалар қайта аттестаттауға кемінде бір жылдан кейін жіберіледі.

4. Аудитор үш айлық мерзімде Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясының шешімін сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

12-бап. Аудиторлық қызметті лицензиялау

1. Аудиторлық қызметпен айналысуға лицензияны уәкілетті орган береді, оларды беру шарты мен тәртібін Қазақстан республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Аудиторлық қызметпен айналысуға берілетін лицензия бас болып табылады және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

3. Банкердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін жүргізуге лицензияларды қаржылық рынок пен қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілеттік берілген мемлекеттік орган аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы болған кезде олар белгілеген

т ә р т і п п е н

б е р е д і .

4. Аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын аудиторларға және аудиторлық ұйымдарға берілген лицензиялар туралы мәліметтер тізілімде көрсетіледі.

Тізілімді жүргізуді, мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде лицензия беру, кері қайтарып алу, қолданылуын тоқтатып қою және тоқтату туралы мәліметтерді жариялауды уәкілетті орган қамтамасыз етеді.

5. Лицензия беруден бас тарту туралы шешім сот тәртібімен бір айлық мерзімде шағымдалуы мүмкін.

13-бап. Лицензияны кері қайтарып алу

1. Лицензияны кері қайтарып алу Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген, сондай-ақ:

1) көрінеу жалған деп танылған аудиторлық есеп жасалған;  
2) аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асырған аудитордың немесе аудиторлық ұйымның басшысының біліктілік куәлігінің күшін жойған жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының заң актілеріне, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес лицензиясы кері қайтарып алынған аудитор мен ұйымға кейіннен мұндай лицензия кемінде бір жылдан кейін беріледі.

Лицензияны кері қайтарып алу туралы шешім сот тәртібімен үш айлық мерзімде шағымдалуы мүмкін." ;

10) мынадай мазмұндағы 13-1-баппен толықтырылсын:

"13-1-бап. Банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін жүргізуге лицензиялардың қолданылуын тоқтатып қою, қайтарып алу және тоқтату

Банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін жүргізуге лицензиялардың қолданылуын тоқтатып қою, қайтарып алу және тоқтату тәртібі қаржы рыногі мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді." ;

11) 14-баптың 2-тармағының екінші бөлігінде "тиісті қызметтер көлемі," деген сөздер алынып тасталсын ;

13) 15 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын аудитор немесе аудиторлық ұйым жүргізетін аудит нәтижелері бойынша аудиторлық есеп жасалады, ол осы Заңның талаптарына, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге және халықаралық аудит стандарттарға сәйкес келуі тиіс.

Аудиторлық есеп деп мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде жасалған және аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын аудитордың немесе аудиторлық ұйымның аудиттелетін субъектінің қаржылық есептілігі Қазақстан



Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңдарына және (немесе) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасаудың өзге негіздеріне сәйкес дайындалған ба деген қатысты тәуелсіз пікірін қамтитын жазбаша ресми құжат болып табылады." ;

2-тармақта "заңдарға" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын :

"3. Аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын аудитор жасаған аудиторлық қызметке ол қол қояды және өзінің жеке мөрімен куәландырады.

Аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын аудитормен еңбек қатынасында тұратын аудитор жасаған аудиторлық есепке орындаушы-аудитор қол қояды, оның жеке мөрімен куәландырылады, аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын аудитор бекітеді және оның жеке мөрімен расталады.

Аудиторлық есепте сондай-ақ лицензияның нөмірі және берілген күні көрсетіледі.

Банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, жинақтаушы зейнетақы қорларының аудиті жүргізілген жағдайда, аудиторлық есепте сол сияқты, көрсетілген ұйымдардың қызметін реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның лицензиясын беру нөмірі мен күні көрсетіледі." ;

4 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлігінде "ұйымның мөрімен" деген сөздер "оның жеке мөрімен және аудиторлық ұйымның мөрімен" деген сөздермен ауыстырылсын ;

13) мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын :

"15-1-бап. Көрінеу дұрыс емес аудиторлық есеп

Көрінеу дұрыс емес аудиторлық есеп - аудит жүргізілмей жасалған немесе аудит нәтижелері бойынша жасалған, бірақ аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын аудитордың немесе аудиторлық ұйымның пікірін қамтитын, аудиттелетін субъектінің қаржылық есептілігін пайдаланушыларды елеулі аспектілер бойынша аудиттелетін субъектінің қаржылық жағдайын шын және анық көрсетуге, қызметінің нәтижелеріне және қаржылық жағдайындағы өзгерістерге қатысты қасақана жаңылыстыратын аудиторлық есеп.

Банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын, жинақтаушы зейнетақы қорларын тексеру туралы аудиторлық есеп көрсетілген ұйымдардың қызметін реттеу және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес міндетті түрде көрсетілуге жататын мәселелер жөнінде аудитордың пікірін қамтуы тиіс .

Аудиторлық есепте міндетті мәселелер жөнінде аудитордың пікірі болмаған немесе оның нақты деректермен сәйкессіздігі болған жағдайда, осындай есеп жарамсыз болып танылады . " ;

14) 16-тармақ алынып тасталсын ;

15) 5-тараудың атауында "аудиторлар" деген сөздің алдынан "аудиторлық қызметті жеке кәсіпкерлер ретінде жүзеге асыратын" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 17 - бапта :

атауында және 1, 2, 3-тармақтарда "аудиторлар" деген сөздің алдынан тиісті септіктегі "аудиторлық қызметті жеке кәсіпкерлер ретінде жүзеге асыратын" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта "тексерулер" деген сөз "аудит" деген сөзбен ауыстырылсын;

17) 18 - бапта :

атауында "аудиторлар" деген сөздің алдынан "аудиторлық қызметті жеке кәсіпкерлер ретінде жүзеге асыратын" деген сөздермен толықтырылсын;

1 - тармақта :

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Аудиторлық қызметті жеке кәсіпкерлер ретінде жүзеге асыратын аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар халықаралық аудит стандарттарды сақтауға, сондай-ақ:";

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға аудиттелетін субъектілерге хабарлама жасай отырып, банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, жинақтаушы зейнетақы қорларының аудиті нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуын анықтауы туралы хабарлауы;" ;

мынадай мазмұндағы 6), 7), 8) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) шешім қабылданған күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмеген мерзімде тиісті құжаттарын қоса бере отырып, аудиторлық ұйым басшысының ауысқаны туралы, сондай-ақ:

аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын аудитордың аудиторлық ұйым басшысының және аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын аудитормен және аудиторлық ұйыммен еңбек қатынасында тұратын аудиторлардың тегінің, аты-жөнінің өзгергені;

аудиторлық ұйымның жарғылық капиталына қатысушылардың және (немесе) олардың қатысу үлестерінің өзгергені;

аудиторлық ұйымның жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды тіркегені; аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын аудитордың немесе аудиторлық ұйымның мекен-жайының өзгергені туралы ақпаратты уәкілетті органға беруге ;

7) кәсіби қызметіне байланысты өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан немесе осы шартты мерзімінен бұрын тоқтатқан күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмеген мерзімде бұл туралы уәкілетті органды хабардар етуге. Міндетті сақтандыру шартын жасасу фактісін растау үшін оның нотариалды куәландырылған көшірмесі ұсынылады;

8) мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күннен кешіктірмеген мерзімде жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін уәкілетті органға беруге міндетті."; мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Лицензиясы бар аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар есептіден кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірмей уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша мыналар:

1) есепті кезеңнің ішінде жеке еңбек шарттары жасалған (мерзімі ұзартылған) немесе бұзылған аудиторлар туралы, сондай-ақ олардың жалпы саны туралы;

2) олардың жарғылық капиталдағы мөлшерін көрсете отырып, аудиторлық ұйым қатысушыларының құрамы туралы;

3) басқа аудиторлық ұйымның жарғылық капиталына қатысуы туралы;

4) азаматтық-құқықтық міндетті сақтандыру шартын жасасу немесе бұзу туралы ақпаратты уәкілетті органға беруге міндетті.";

1 8 ) 1 8 - 1 - б а п т а :

1-тармақта "залал" деген сөз "мүліктік зиян" деген сөздермен ауыстырылсын;

1, 2-тармақтарда "аудиторлар" деген сөздің алдынан тиісті септіктегі "аудиторлық қызметті жеке кәсіпкерлер ретінде жүзеге асыратын" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 19-бапта атауы мен мәтінінде "аудиторлар" деген сөздің алдынан "Лицензиясы бар" деген сөздермен толықтырылсын;

20) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Аудит жүргізу құқығын шектеу

М ы н а л а р ғ а :

1) қатысушылары болып табылатын тапсырысшылардың, сондай-ақ жасалған қолданыстағы шарт бойынша жеңілдік жағдайлар берілген кредит берушілердің не акционері (қатысушысы), қолданыстағы шарт бойынша жеңілдік жағдайлар берілген кредит берушісі осы аудиторлық ұйым болып табылатын тапсырысшылардың а у д и т о р л ы қ ұ й ы м ы н ы ң ;

2) аудиторлық қызметті жеке кәсіпкерлер ретінде жүзеге асыратын, акционері (қатысушысы), кредит берушісі немесе депозиторы осы аудитор болып табылатын және жасалған қолданыстағы шарт бойынша жеңілдік жағдайлар берілген тапсырысшылар а у д и т о р л а р ы н ы ң ;

3) осы Заңның 2-бабының 2-тармағының 2), 3), 12), 13) тармақшаларында көрсетілген өз қызметінің бейіні бойынша қызметтер көрсетілген тапсырысшылардың аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарының, бағалы қағаздар портфелін басқаруға, брокерлік-дилерлік қызметтер көрсетуге азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарты ж а с а л ғ а н ұ й ы м д а р д ы ң ;

4) аудиттелетін субъектінің лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ аудиттелетін

субъекті акцияларының (жарғылық капиталының) он проценттен астамын иеленген акционердің (қатысушының) жақын туыстары (ата-аналары, жұбайлары, аға-інілері, апа-сіңілілері, балалары) немесе жекжаттары (ерлі-зайыптылардың аға-інілері, апа-сіңілілері, ата-аналары және балалары) болып табылатын аудиторлық қызметті жеке кәсіпкерлер ретінде жүзеге асыратын аудиторлардың;

5) орындаушылары аудиттелетін субъектінің лауазымды тұлғаларымен еңбек қатынастарында тұратын немесе оның акционерлері (қатысушылары) болып табылатын аудиторлық қызметті жеке кәсіпкерлер ретінде жүзеге асыратын аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың;

6) аудиторлық қызметті жеке кәсіпкерлер ретінде, бухгалтерлік баланста көрсетілген активтерінің сомасы жылына орта есеппен айлық есептік көрсеткіштің 50 000 еселенген мөлшерінен асып түсетін немесе аудит міндетті болып табылатын ұйымдардың аудитін жүзеге асыратын аудиторларының;

7) бухгалтерлік құжаттамасы мен қаржылық есептілігінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ресімделген тиісті рұқсатсыз мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтері бар аудиттелетін субъектілердің аудиторлық қызметті жеке кәсіпкерлер ретінде жүзеге асыратын аудиторлары мен аудиторлық ұйымдарының."

21) 21-бапта мәтінде "аудитордан", "аудитордың", "аудиторлар", деген сөздердің алдынан "аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын" деген сөздермен толықтырылсын;

22) 22-бапта мәтінде "аудиторға", "аудитордың" деген сөздердің алдынан "аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын" деген сөздермен толықтырылсын;

23) 23 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"құжаттар мен" деген сөздер "қаржылық есептілік пен" деген сөздермен ауыстырылсын, "аудиторға" деген сөздің алдынан "аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "заңдарына" деген сөз "заң актілеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 25-тармақ алынып тасталсын.

3. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 22, 406-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 15, 139-құжат):

20-баптың 3-тармағында "жүргізілген аудит туралы қорытындының" деген сөздер "аудиторлық есептің" деген сөздермен ауыстырылсын;

24-баптың 2-тармағында "қорытындысы" деген сөз "аудиторлық есебі" деген сөздермен ауыстырылсын;

27-баптың 1-тармағының 4) тармақшасында "аудиторлық қорытынды" деген сөздер

"аудиторлық есеп" деген сөздермен ауыстырылсын;

58-баптың 1-тармағының 4) тармақшасында:

"қорытынды (растау) берген" деген сөздер "аудиторлық қызмет жасаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

74-баптың 4-тармағында "өз қызметіне", "қорытынды" деген сөздер "қаржылық есептілігіне", "есеп" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5 -6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109, 122 - құжаттар):

183 - бапта:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"183-бап. Аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын аудитордың немесе аудиторлық ұйымның бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп туралы заңдардың бұзылу фактісін аудит жүргізуге тапсырыс берушілерден жасыруы";

мәтінде "Аудитордың немесе", "өзге адамның" деген сөздер алынып тасталсын, "жеткізе алатын" деген сөздерден кейін "аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын аудитордың немесе аудиторлық ұйымның" деген сөздермен толықтырылсын;

1) 184-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"184-бап. Аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын аудитордың немесе аудиторлық ұйымның көрінеу дұрыс емес не жарамсыз аудиторлық есеп жасауы

Аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын аудитордың немесе аудиторлық ұйымның көрінеу дұрыс емес не жарамсыз аудиторлық есеп жасауы - аудиторлық қызметпен айналысу құқығына лицензиядан айыра отырып, азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) мынадай мазмұндағы 184-1, 184-2-баптармен толықтырылсын:

"184-1-бап. Аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес талап етілетін ақпаратты аудиторлық қызметті реттеу жөніндегі уәкілетті органға уақытылы табыс етпеуіне байланысты бұзушылық

Лицензиясы бар аудиторлардың, аудиторлық ұйымдардың және Республикалық аудиторлар палатасының Аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес талап етілетін ақпаратты аудиторлық қызметті реттеу жөніндегі уәкілетті органға уақытылы табыс етпеуі, -

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - қырықтан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп

с о қ т ы р а д ы .

184-2-бап. Аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу

Аудиторлық қызметті жеке кәсіпкерлер ретінде жүзеге асыратын аудиторлардың, аудиторлық ұйымдардың және Республикалық аудиторлар палатасының Аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген қызмет түрлерін жүзеге асыруы , -

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соқтырады.";

3 ) 1 8 5 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"185-бап. Аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын аудиторға немесе аудиторлық ұйымға дұрыс емес ақпарат беруі "Аудиторға (аудиторлық ұйымға)" деген сөздер "Аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын аудиторға немесе аудиторлық ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 ) 5 7 1 - б а п т а :

бірінші бөлігінде "178," деген саннан кейін "184-1, 184-2," деген сандармен толықтырылсын ;

екінші бөлігінің 2) тармақшасында "178," деген саннан кейін "184-1, 184-2," деген сандармен толықтырылсын .

2 - б а п .

1. Осы Заң 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабының 2-тармағының 2) тармақшасын және 14) тармақшасын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейінгі берілген аудиторлық қызметпен айналысуға лицензиялар және біліктілік куәліктері жарамды.

3. Осы Заңда көзделген Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы құрылғанға дейін біліктілік куәліктері осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін әрекет еткен тәртіппен және шарттарда беріледі.

4. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған аудиторлық ұйымдар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастан алты ай ішінде өздерінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге міндетті.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті